



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

24.06.2022 жылғы №16-13-139Д/С

Құрметті депутаттар!

Арал теңізінің экологиялық проблемасына қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Арал теңізінің проблемасына халықаралық қорлар мен ғылыми орталықтарды тарту үшін, сондай-ақ Халықаралық Аралды құтқару қорының (бұдан әрі – ХАҚҚ) жұмысына жаңа серпін беру үшін тиісті шаралар қабылдануда, атап айтқанда, 2021 жылғы 29 маусымда ХАҚҚ басқармасы Арал теңізі бассейні елдеріне көмек көрсету жөніндегі 2021 – 2030 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы бекітілді.

Сондай-ақ, Сырдария өзенінің сулығын арттыру және Арал теңізі суының ағынын ұлғайту үшін Орталық Азия елдерімен халықаралық су-энергетикалық консорциум құру мәселесі алға тартылуда.

Кіші Аралды сақтау мақсатында құны 100,5 млн теңге болатын «Көкарал бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің атырауын қалпына келтіру» жобасының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді.

2025 жылға дейінгі кезеңде Арал теңізінің құрғаған түбінде орман екпелерін отырғызу бойынша белсенді шаралар қабылдануда.

Сауал бойынша неғұрлым толық ақпарат қосымшада көрсетілген.

Қосымша 7 парақта.

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары

А.Қ. Күрішбаев

А.О. Шәкіров

А.Ш. Әлназарова

Мейребеков К.А.

75-00-33